

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII  
Международная научная конференция студентов и молодых  
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International  
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE  
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

5 Антонова П.А., Макаревич М.Л. Вопросы правового регулирования деятельности транснациональных корпораций // Журнал Инновационная экономика: перспективы развития и совершенствования. 2017. № 1-19. С. 1-7.

6 Вельяминов Г.М. Международное экономическое право и процесс // Московский журнал международного права. 2004. № 4. С. 285-291.

7 Вайлерт К.Х. Транснациональные корпорации вне правового поля? Действие международно-правовых стандартов и его пределы. Мюнхен, 2012. № 1. С. 126-172. URL: [https://dpp.mpil.de/01\\_2012/01\\_2012\\_125\\_172.pdf](https://dpp.mpil.de/01_2012/01_2012_125_172.pdf) (дата обращения: 19.03.2023).

8 Гигинейшвили М.Т. Правосубъектность транснациональных корпораций // Журнал Общество: политика, экономика, право. 2018. № 1. С. 1-6.

УДК 341.4

## **ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ ДАМУ ҰЙЫМЫНА МҮШЕ МЕМЛЕКЕТТЕРДЕ ИНВЕСТИЦИЯЛАУ ҚЫЗМЕТІН ДАМУ ТУРА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ**

**Қабаев Ермат Ерланұлы**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Заң факультеті, Халықаралық құқық кафедрасының  
2-курс магистранты  
Ғылыми жетекші: Искакова Ж.Т.  
Электронды адресс: kabaevermat@mail.ru

Инвестициялық қызмет – бұл инвестициялау процесі (капиталды инвестициялау) және инвестицияларды жүзеге асырудың практикалық әрекеттерінің жиынтығы. Өндірістік қызмет барысында фирмалар капиталды жинақтайды. Фирманың қосымша өндіріс пен пайда табуға салған қаржылары инвестиция деп аталады. Демек, инвестициялық қызметті инвестицияларды салу және инвестицияларды жүзеге асыру қызметі ретінде сипаттауға болады.

ҚР-ның Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес «инвестициялық қызмет» жеке және заңды тұлғалардың коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталына қатысу немесе кәсіпкерлік қызмет үшін пайдаланылатын тіркелген активтерді құру немесе ұлғайту жөніндегі қызметін білдіреді (1-баптың 2-тармағы) [1].

Менің ойымымша, инвестициялық қызмет тек коммерциялық (кәсіпкерлік) қызметтің ғана емес, сонымен қатар коммерциялық емес қызметтің түрі ретінде танылуы мүмкін. Сондықтан инвестициялық қызмет тәуелсіздік, бастамашылдық, тәуекелдік сипаттары сияқты кәсіпкерлік белгілерімен сипатталады. Сонымен бірге, инвестициялық қызмет материалдық немесе рухани игіліктерді құруға бағытталуымен сипатталады және пайда табу немесе оң әлеуметтік әсерге қол жеткізу мақсатын көздейді.

Инвестициялық қызметті инвестициялық қызмет объектісін құру процесі ретінде қарастыра отырып (яғни инвестицияларды тікелей нысанда жүзеге асыру) екі негізгі кезеңді бөліп көрсетуге болады: 1) инвестицияға дейінгі кезең (инвестицияларды салу); 2) инвестициядан кейінгі кезең (инвестициялық қызмет объектісі құрылғаннан кейін пайда болады және инвестордың объектіні пайдалануын немесе оны сатуды, жалға беруді қамтиды және т.б., яғни инвестициялық қызмет объектісінің заңды немесе нақты жағдайын анықтау) [2]. Инвестициялық кезең сонымен қатар бірқатар дәйекті әрекеттерден тұрады-инвестордың

инвестициялық қызметті жүзеге асыру туралы шешім қабылдауы; инвестицияланатын объектіні таңдау; инвестициялық жобаны әзірлеу; инвестициялық шарт жасасу (инвестициялық келісімшарт талаптарын келісу); шартты орындау (инвестициялық қызмет объектісін құру). Инвестициядан кейінгі кезең негізінен инвестициялық қызмет объектісінің заңды немесе нақты жағдайын анықтауға бағытталған.

Өз кезегінде, инвестициялық қызмет объектісін құрумен байланысты емес инвестициялық қызмет (яғни инвестицияларды жанама және кредиттік нысанда жүзеге асыру) екі кезеңді де қамтиды, бірақ сәл өзгеше:

1) инвестициялау алдындағы кезең (инвестициялар салу, оның ішінде инвестициялық қызметті жүзеге асыру туралы шешім қабылдау, инвестициялық шарттың талаптарын келісу және инвестициялау);

2) инвестициядан кейінгі кезең (инвестициялардан пайда (кіріс) алу) [3].

Инвестициялық қызмет түрлерін инвестициялау және инвестицияларды іске асыру саласына қарай жіктеуге болады - бұл жер қойнауын пайдалану, құрылыс саласындағы, бағалы қағаздар нарығындағы, банк саласындағы, коммерциялық емес саладағы және т. б. инвестициялық қызмет; субъектіге байланысты – бұл жеке тұлғалар, халықаралық ұйымдар; мемлекеттік қолдау көрсетуге байланысты – инвестициялық преференциялар бермей жүзеге асырылатын инвестициялық қызмет және инвестициялық преференциялар беру туралы келісімшарт жасасқан ҚР-ның заңды тұлғасының инвестициялық қызметі және т. б.

Жалпы инвестициялық қызметті халықаралық – құқықтық реттеу екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қалыптаса бастады. Бірақ оның алғышарттары 1929 жылы Парижде Ұлттар Лигасының ұйымдартыруымен өткен конференциядан бастау алды. Ол жерде «шетел азаматтарымен және олардың мүліктерімен қарым-қатынас жасау бойынша» халықаралық көпжақты Конвенция талқыланды. Конвенция ережелерінің мәні бойынша шетелдіктерге және олардың меншігіне ұлттық режимге қарағанда қолайлы құқықтық режим ұсынылуы керек еді. Алайда, конвенция инвестициялық қызмет саласын реттеуде қауқарсыз болды. Осыдан кейін 1965 жылы 18 наурызда «Мемлекеттер мен шетелдік тұлғалар арасындағы инвестициялық дауларды реттеу тәртібі туралы» Вашингтон конвенциясы қабылданды, оған сәйкес инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталық (ICSID) құрылды. Қазіргі таңда мемлекеттер мен шетелдік компаниялар арасындағы даулар осы ұйым арқылы реттеледі.

Мен өзімнің осы ғылыми мақаламда инвестициялық қызметтің «Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына» мүше мемлекеттерде халықаралық-құқықтық реттелуі қалай жүргізілетініне және инвестициялық қызметті дамыту мақсатында қандай шаралар қолданылатынына тоқталамын. Негізінде, «Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы» (бұдан әрі – ЭЫДҰ) – бұл экономикалық және әлеуметтік саясатты талқылайтын және дамытатын 38 мүше елдердің тобы [4]. Ұйымның мақсаты баршаға өркендеу, теңдік, мүмкіндік пен әл-ауқатқа ықпал ететін саясатты қалыптастыру болып табылады.

Әр жылдарда даму құрылымы айтарлықтай өзгерістерге ұшыраған ЭЫДҰ соның нәтижесінде жаһандық деңгейге көтерілді. Ұйымның тарихы 1948 жылдан басталады. Дәл осы жылы Еуропалық экономикалық ынтымақтастық ұйымы құрылды. Жалпы, бұл – соғыстан кейінгі Еуропаны қалпына келтіру міндетін арқалаған, дағдарыстан шығуды көздеген стратегиялық жоспар еді. Алайда, уақыт өте ұйымның бағыты мен міндеттері кеңейді. Үдей түскен жаһандану шартына сай бұл міндеттерді түбегейлі қайта қарау қажеттілігі туындады. Соған сәйкес 1960 жылдың 14 желтоқсанында Парижде ЭЫДҰ-ны құру туралы Конвенцияға қол қойылып, құжат бір жылдан кейін күшіне енді. Қызмет аясы кеңейтілген ұйымды құруға АҚШ ұйытқы болды. Себебі, Ақ ұй атлантикалық бірлікті нығайтуға тырысып – саяси және Еуропа экономикасына ықпалын арттыру арқылы – экономикалық мақсаттарды көздеді. Осылайша, ЭЫДҰ НАТО-ның егізі ретінде құрылған еді. Уақыт өте келе саясиленған құрылым экономикалық бағытқа басымдық бере бастады. Бүгінгі таңда ЭЫДҰ жетекші индустриялық елдердің әлеуметтік-экономикалық қызметтерін

үйлестіретін органға айналды. Ал оған мүше мемлекеттердің тізімі саяси ұстанымына қарамастан, артып келеді.

ЭЫДҰ ауқымды талдамалық жұмыстарды жүзеге асырады, ұйымға мүше елдер үшін ұсынымдар әзірлейді және экономикалық мәселелер бойынша көпжақты келіссөздерді ұйымдастыру үшін платформа ретінде қызмет етеді. ЭЫДҰ қызметінің едәуір үлесі ақшаны жылыстатуға, салық төлеуден жалтаруға, сыбайлас жемқорлық пен парақорлыққа қарсы іс-қимылмен байланысты. ЭЫДҰ-ның қатысуымен бірқатар мемлекеттердің «салық оазистерін» құру тәжірибесін тоқтатуға арналған кейбір тетіктер жасалды. ЭЫДҰ-ның салалық қызметтерінің тиімді атқарылуы мақсатында «Негізгі кеңеске» бағынатын комитеттер жұмыс жасайды. Ұйым бойынша инвестициялық қызметті реттеу, инвестициялық бағдарламалар әзірлеумен оларды басқарумен «Инвестициялар жөніндегі комитет» айналысады.

ЭЫДҰ-ның «Инвестициялар жөніндегі комитеті» ЭЫДҰ-ның халықаралық инвестициялар мен қызметтер саласындағы либерализация тетіктеріне жауап береді. Ол 1976 жылғы «Халықаралық инвестициялар мен көпұлтты кәсіпорындар туралы декларация» мен шешімдерді түсіндіреді, жүзеге асырады және капитал қозғалысы мен ағымдағы көрінбейтін операцияларды, либерализация кодекстерінің сақтаушысы болып табылады.

Инвестициялар жөніндегі комитет 2004 жылдың сәуірінде Халықаралық инвестициялар және көпұлтты кәсіпорындар комитеті (СІМЕ) мен Капитал қозғалысы және көрінбейтін мәмілелер комитетінің (СМІТ) бірігуі нәтижесінде құрылды.

Комитет халықаралық капитал қозғалысына, халықаралық тікелей инвестицияларға және көпұлтты кәсіпорындарға, сондай-ақ қызметтер саудасына қатысты саясатты либерализациялауға жәрдемдеседі, осы салалардағы халықаралық ынтымақтастыққа жәрдемдеседі және қарастырылып отырған саясат мәселелерін жақсырақ түсінуге ықпал етеді. Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін атқарылатын негізгі міндеттер:

- ЭЫДҰ елдерінің және ЭЫДҰ-ға кірмейтін мемлекеттердің саясаткерлері мен әкімшілері арасындағы ағымдағы мәселелерді талқылау үшін форум ұйымдастырады. Сондай-ақ консультациялар, дөңгелек үстелдер мен конференциялар рәсімдері шеңберінде іскер топтармен, кәсіподақтармен және басқа топтармен пікір алмасуды ұйымдастыру;

- ЭЫДҰ-ның либерализация кодекстерінде және халықаралық инвестициялар мен көпұлтты кәсіпорындар туралы декларациялар мен шешімдерде баяндалған «ойын ережелерінің» сақталуын қадағалайды және осы құжаттарға сәйкес дауларды шешу үшін форумдар ұйымдастырады; және қажет болған жағдайда ойын ережелерін түсіндіретін мәлімдемелер дайындайды (олар жауапты), соның ішінде көпұлтты кәсіпорындар үшін нұсқаулықтар әзірлеу;

- құралдарға қатысты саясатқа елдік немесе көлденең «сараптамалық шолулар» жүргізеді және либерализацияға жәрдемдесу жөнінде ұсыныстар әзәрлеу;

- үміткерлердің ЭЫДҰ-ға кіргісі келетіндігін және ЭЫДҰ құжаттарында көзделген міндеттемелерді орындай алатындығын бағалау;

- директивалық органдардың қарауы үшін және қажет болған жағдайда кең аудитория арасында жариялау үшін инвестициялық ағындардың тенденциялары мен саяси мәселелердің кең ауқымына сыни талдау дайындайды [5].

Комитет құрамына тоқталатын болсақ, комитетке ұйымға мүше мемлекеттер және мүше мемлекеттер келісімімен шақыртылған елдер бола алады. 2017 жылғы маусымда Қазақстан ресми түрде ЭЫДҰ «Инвестициялар комитетінің» «қауымдастырылған мүшесі» атанды. Сондай-ақ, Қазақстан Халықаралық инвестициялар және көпұлтты кәсіпорындар бойынша ЭЫДҰ Декларациясына қосылған 48-ші ел болды. Қазақстанның ЭЫДҰ Инвестициялар комитетіне кіруі және декларацияға қосылуы Қазақстанның халықаралық инвестициялар үшін әділ және ашық ортаны қамтамасыз етуге ұмтылысын куәландырады.

Қорытындылай келе, ЭЫДҰ ауқымды талдамалық жұмыстарды жүзеге асырады, ұйымға мүше елдер үшін ұсынымдар әзірлейді және экономикалық мәселелер бойынша көпжақты келіссөздерді ұйымдастыру үшін платформа ретінде қызмет етеді. ЭЫДҰ -ға мүше

мемлекеттерде инвестициялау қызметі «Халықаралық инвестициялар және көпұлтты кәсіпорындар бойынша ЭЫДҰ Декларациясы» көмегімен реттеледі. Қазіргі нарықтық заманда ЭЫДҰ-ның әлемдік инвестициялық тұрақты климат орнату үшін атқырып жатқан істері, жаһандық экономиканы нығайтудың негізі деген ойдамын.

ЭЫДҰ осы саладағы бірқатар құжаттарды қабылдау арқылы инвестициялық қызметтің халықаралық шарттарын біріздендіруге айтарлықтай үлес қосты: ЭЫДҰ-ның «Халықаралық инвестициялар және трансұлттық кәсіпорындар туралы Декларациясы» (1976 ж.), ЭЫДҰ-ның «Капиталдар қозғалысын либерализациялау кодексі», ЭЫДҰ-ның «Ағымдағы көрінбейтін операцияларын либерализациялау кодексі», ЭЫДҰ-ның «Жоғары деңгейдегі қағидаттары және "жиырма топ" институционалдық инвесторлар үшін инвестицияларды ұзақ мерзімді қаржыландыру бойынша» (2013 ж.), ЭЫДҰ-ның «Инвестициялар саласындағы негіздемелік тұжырымдамасы» (2006/2015 жж.). Соңғы құжат инвестициялық қызмет саласындағы ең үздік тәжірибелердің ең толық және жан-жақты жинағы, қолайлы инвестициялық ортаны құру бойынша толыққанды Нұсқаулық және трансшекаралық инвестицияларды реттеу саласындағы халықаралық ережелерді құру үшін негіз болды. ЭЫДҰ-ның министрлеріне берген мәлімдемесінде ЭЫДҰ-ның жанындағы «Бизнес және өнеркәсіп жөніндегі Консультативтік комитеті» (BIAC) қолайлы инвестициялық жағдайлар жасау үшін инвестициялар саласында негіздемелік тұжырымдама қағидаттарын енгізу қажеттігін атап өтті.

ЭЫДҰ-ның инвестициялық негіздемелік тұжырымдамасының алғашқы нұсқасы 2006 жылы жарық көрді [OECD, 2006]. «Инвестициялар саласындағы негіздемелік тұжырымдама»-бұл елдегі инвестициялық климаттың қалыптасуына қандай да бір дәрежеде әсер ететін мемлекеттік саясаттың 12 бағыты бойынша басқару ұсыныстары мен принциптерінің жиынтығы. Құжаттағы ұсыныстар салалардың кең спектрін қозғайды: инвестициялық, қаржылық, фискалдық, сауда, монополияға қарсы саясат, адами капиталды дамыту, корпоративтік басқару және мемлекеттік реттеу нормалары. Тұжырымдаманың негізгі мақсаты тұрақты экономикалық өсу мен дамуды қамтамасыз ету, сондай-ақ қоғамның әл-ауқатын арттыру үшін жеке инвестицияларды жұмылдыру үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады.

Тұжырымдаманың ұсынымдары билік органдарының мемлекет ішінде де – қолайлы инвестициялық ахуал мен іскерлік ортаны қалыптастыру үшін жағдай жасау жолымен де, халықаралық деңгейде де – халықаралық инвестициялық келісімдерге қатысу, инвестициялық салада халықаралық стандарттарды әзірлеу және имплементациялау, сондай-ақ қылмысқа қарсы күрес саласындағы басқа мемлекеттермен өзара іс-қимыл жасау арқылы да орындауына бағдарланған, атап айтқанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттер.

Инвестициялар саласындағы негіздемелік тұжырымдаманың қолданысқа енгізілуі әлемдік экономикаға жаңа дем силағандай болды. Алайда, 2008 жылғы бүкіләлемдік дағдарыс әлемдік экономикаданың тепе-теңдігін бұзды. Осының салдарынан, Азия-Тынық мұхиты экономикасының қарқынды өсуі ішінара қоршаған ортаның жаһандық күн тәртібінің күшеюіне әсер етті. Осылайша, сол кезеңде мемлекеттердің инвестициялық саясаты осы және басқа да әлеуметтік-экономикалық факторлардың экономиканың өсу қарқынына әсерін ескеруі керек болды. Негіздемелік тұжырымдаманы жетілдіру және оны әзірлеу процесіне мемлекеттер мен мүдделі тараптардың неғұрлым кең ауқымын тарту ЭЫДҰ-ның халықаралық инвестициялық қызмет саласындағы бірыңғай және әмбебап ережелер жиынтығының қазіргі қажеттілігіне жауап беру әрекеті болды. 2015 жылы тұжырымдаманың жаңартылған нұсқасы осы өзгерістердің әсеріне, сондай-ақ дамушы елдердің 2006 жылғы түпнұсқа құжаттың ережелерін енгізудегі тәжірибесін ескеруге арналған [OECD, 2015a].

Қорытындылай келе, қарастырылып отырған тақырыптардың кең ауқымын және олардың пысықталу тереңдігін ескере отырып, бүгінгі таңда «Инвестициялар саласындағы негіздемелік тұжырымдама» инвестициялық қызмет саладағы ең жан-жақты құжат болып табылады және осы саладағы әмбебап ережелер мен стандарттарға деген қажеттілікке жауап бола алады. Қазақстан Республикасы үшін өзінің жан-жақты сипаты мен нақты

ұсынымдарының болуына байланысты «Инвестициялар саласындағы негіздемелік тұжырымдама» қолайлы іскерлік ахуал құру мақсатында реттеуші органы және құқық қолдану практикасын жетілдіру үшін неғұрлым қолайлы негіз болып табылады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі, Электронды ресурс: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375/375\\_1.htm](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375/375_1.htm) (Дата обращения: 09.04.2023)
2. С.П. Мороз, Актуальные проблемы инвестиционного права, Курс лекций. - Алматы: НИЦ КОУ, 2013 г., С – 120-131
3. Инвестиционное право : учебник для бакалавриата и магистратуры / А. М. Лаптева, О. Ю. Скворцов. — М. : Издательство Юрайт, 2019. — С – 255-260
4. ЭЫДҰ-ның ресми сайты, Электронды ресурс: <https://www.oecd.org/fr/> (Дата обращения: 10.04.2023)
5. ЭЫДҰ-ның «Инвестициялар жөніндегі комитетінің» ресми сайты, Электронды ресурс: <https://www.oecd.org/fr/daf/inv/oecdinvestmentcommittee.htm> (Дата обращения: 10.04.2023)

УДК 341.1/8

## **ПРАВО НА ВОДУ: ВЛИЯНИЕ СОВМЕСТНОГО ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ТРАНСГРАНИЧНЫХ РЕК КАЗАХСТАНА НА ЕГО РЕАЛИЗАЦИЮ**

**Токина Айдана Владимировна**

[Aidana.tokina@gmail.com](mailto:Aidana.tokina@gmail.com)

Магистрант 2-ого курса образовательной программы «Международное право»  
Университета КазГЮУ им. М.С. Нарикбаева, г. Астана, Республика Казахстан  
Научный руководитель – Е.Оралова

Вода является одним из стратегически важных ресурсов, который необходим во всех аспектах полноценной жизнедеятельности человечества и развития государства. Однако, данный ресурс является ограниченным, и из года в год растет дефицит водных ресурсов как на глобальном уровне, так и на региональном уровне. Согласно мнению экспертов с проблемой дефицита водных ресурсов уже столкнулись более 40% мирового населения[1].

В целях принятия мер для обеспечения благополучия миллионов людей, мировое сообщество провозгласило в качестве одной из целей в области устойчивого развития обеспечение всеобщего и равноправного доступа к безопасной и недорогой питьевой воде для всех[2]. Вместе с тем, право на воду имеет важное значение для реализации всех прав человека. Перед государствами стоит задача по обеспечению достижения Целей устойчивого развития, и Казахстан тому не исключение.

На территории Казахстана выделены 8 речных бассейнов, из которых 7 трансграничные. Казахстан находится в низовье всех трансграничных рек, соответственно, наша страна зависима от прибрежных стран- Китая, Кыргызстана, Российской Федерации, Таджикистана, Узбекистана. Очевидна зависимость Казахстана от трансграничных рек, которые составляют 44% притока поверхностных вод. Согласно Концепции по переходу Республики Казахстан к "зеленой экономике" по прогнозам приток трансграничных рек может сократиться на 40% уже к 2030 году[3].

Для Казахстана нехватка воды является одной из актуальных проблем. На сегодняшний день Казахстан относится к вододефицитным странам, и по прогнозу ученых